

БҰЙРЫҚ
25.04.2023.
Атырау қаласы

ПРИКАЗ
№ 85
город Атырау

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 2-тарауының 4-тармағы негізінде және Атырау облысы әкімі аппаратының басшысымен бекітілген, 2023 жылға арналған «Сыбайлас жеморлықпен күрес және оған қарсы іс-қимыл» №4 үлгілік базалық бағытын жүзеге асыру жоспарына сай, **Бұйырамын:**

1. «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМКда (бұдан әрі-ОПДО), сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу үшін төмендегі құрамдағы жұмысшы тобы құрылсын.

1) Дюсенғалиева М.Н.-директордың экономика мәселелері бойынша орынбасары;

2) Семионичева В.И.- клиникалық аудитор;

3) Мурсалимова Б. И.- комплаенс қызметкері;

4) Демесинова М.- кәсіподақ комитетінің мүшесі;

5) Ахметов С. А. – Байқау кеңесінің хатшысы;

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылсын:

1) ОПДО қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) ОПДО ұйымдастырушылық-басқарушылық және медициналық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу кезеңі: 30.04- 25.05.2023 жыл. Ішкі талдау бойынша анықтама қалыптастырылсын.

4. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою туралы ұсынымдар бар ішкі талдау анықтамасы кәсіпорынның бірінші басшысына және кәсіпорын Байқау кеңесіне қарау және шаралар қолдану үшін 2023 жылдың 26 мамырына ұсынылсын.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың анықтамасы 30 мамырға дейін Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасына жолданып отырылсын.

7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданып жатқан) шаралар туралы ақпарат кәсіпорынның интернет-ресурсында орналастырылсын.

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық компленс қызметкері Б.И.Мурсалимоваға жүктелсін.

Директор:

Е.Е.Кдрсихов

Орынд: Жұмашева С.

Заңгер:  Мурсалимова Б.

Бұйрықпен таныстырылды

Бекітемін»
Атырау облыстық «психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК
директоры

Е.Кдрсихов

« 2 » мамыр 2023 жыл

Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК-ы бойынша, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша талдамалық анықтама.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК-ның (бұдан әрі-Орталық) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы директорының 05.05.2022 жылғы №127 бұйрығымен құрылған тұрақты жұмысшы тобы, құрамында:

1. Дюсенғалиева М.Н.-директордың экономика мәселері бойынша орынбасары;

2. Семиончева В.И.-клиникалық аудитор;

3. Мурсалимова Б.И.-комплаенс қызметкері;

4. Демесинова М.Т.-кәсіподақ комитетінің мүшесі;

5. Ахметов С.А.-байқау кеңесінің хатшысы болып,

2023 жылғы 30 наурыздан 2023 жылғы 25 сәуір аралығында Орталық бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы хабарландыру Орталықтың сайтында орналастырылды.

Ішкі талдау уақыты 2023 жылғы 1-тоқсан аралығын қамтиды.

Ішкі талдау объектісі: «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК.

Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы, мына құрылымдық бөлімшелермен қызмет көрсетеді:

1. Стационарлық көмек - 230 төсектік, оның ішінде:

- 70 төсектік ерлер (психиатриялық) бөлімшесі;

- 55 төсектік әйелдер (психиатриялық) бөлімшесі;

- 20 төсектік невроздар бөлімшесі;

- 40 төсектік ересек және 5 төсектік кәмелетке толмағандарға арналған наркологиялық бөлімше;

- 40 төсектік мәжбүрлі емдеу бөлімшесі;

2. Стационарды алмастыратын көмек:

- психиатриялық науқастарға арналған 50 төсектік күндізгі стационар;

- наркологиялық науқастарға арналған 30 төсектік күндізгі стационар;

- психоәлеуметтік түзету және медикопсихологиялық көмек бөлімшесі.

3. 20 төсектік уақытша бейімдеу және детоксикация орталығы;

4. Мониторингтік ақпараттық-талдау орталығы;

5. Опиоид агонистерімен демеуші ем ұсыну кабинеті;

6. ПБЗ пайдалану фактісін және мас күйін анықтау үшін тәулік бойы куәландыру кабинеттері жұмыс жасайды.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8 бабының 5 тармағы негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттарда жүргізіледі:

1. Орталықтың қызметіне қатысты нормативтік - құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Орталықтың ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
3. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу фактілері.
4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау.
5. Этикалық нормаларды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау.
6. Мемлекеттік сатып алулар.

Ішкі талдау мына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мына ақпарат көздері бойынша жүргізілді.

- 1) Орталықтың қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер;
- 2) Орталықтың қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексеру нәтижелері;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- 4) бөлімшеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 5) прокурорлық қадағалау актілері (болған жағдайда);
- 6) сот актілері (болған жағдайда);
- 7) ұсынылуына Қазақстан Республикасының заңнамасымен жол берілген өзге де мәліметтер.
- 8) этикалық нормаларды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау.
- 9) мүдделер қақтығысын реттеу.
- 10) Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу фактілері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында Орталық өзінің қызметінде басшылыққа алатын кодекстер, заңдар, нормативті құқықтық актілер, құқықтық актілер қарастырылды.

Орталықта:

1. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясат;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;
4. «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
5. «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМКы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже жасақталып, бекітілген.

Ішкі талдау:

1) Орталық қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Орталық қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер:
«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР –ның 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы №672 қаулысы, «Қазақстан Республикасының халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 8 ақпандағы № 95 бұйрығы, «Психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің

кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-203/2020 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығымен бекітілген «Өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілу нормативтері» және «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК-нің Жарғысы, Атырау облысы әкімдігінің қаулылары және Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасы мен Орталықтың ішкі бұйрықтары.

Ұйымның қызметіне қатысты жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерде дискрециялық өкілеттіктер және нормативтік-құқықтық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін нормалар анықталған жоқ.

2. Орталықтың ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау:

Қазіргі уақытта ОПДО-да 216 қызметкер жұмыс істейді. 2023 жылдың 1-тоқсанына Орталықта 33 дәрігер жұмыс істейді, дәрігерлермен жабдықтау 91,3% құрайды. 2022 жылғы кезеңінде 2 дәрігер жұмысқа алынды. Орталықта 81 медбике жұмыс істейді. Орта медициналық қызметкерлермен жарақтандыру 79% құрайды. Резидентурадан кейінгі жас мамандар, 2022 жылы жас мамандарды тарту бойынша онлайн вебинарларға бірнеше рет қатысу нәтижесінде тартылды. Орталықта кадрларды Атырау облысының Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы арқылы жұмысқа алу және бос жұмыс орындары туралы мәлімет беріп отыру жолға қойылған. Дипломдарды верификациялау барысында медицина қызметкерлерінің барлық дипломдары верификациядан өтті. Аурухананың барлық қызметкерлері атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Бұрын жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

2) мүдделер қақтығысын реттеу:

Орталықта Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясат қалыптастырылған. 2023 жылдың 1 тоқсаны бойынша Орталықта мүдделер қақтығысы фактісі орын алған жоқ.

3) мемлекеттік қызметтер көрсету:

Наркологиялық және психиатриялық есепте тұратын/тұрмайтындығы туралы ??? анықтамалар берілген. Қызмет «Арнайы халыққа қызмет көрсету орталығында» және Орталықта көрсетіледі. Анықтамалар беруде заңдылықтар сақталған.

4) бюджет қаражатын игеру және бөлу:

Медициналық көмек бойынша:

2023 жылғы 1 тоқсанда:

Тәуліктік стационарлық көмек - 302 науқасқа, күндізгі стационарлық көмек -106 науқасқа, амбулаториялық көмек - 4810 науқасқа көрсетілген.

Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары бойынша:

1. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын алу үшін сотқа 11 материал жолданған. Барлық материалдар бойынша сот шешімі шыққан. Заңдылықтар сақталған.

Мемлекеттік сатып алулар бойынша:

Мемлекеттік сатып алулар:

Орталықтағы мемлекеттік сатып алулар 2023 жылға бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес жүргізіледі.

1. Конкурс;

2. Баға ұсыныстарын сұрату;

3. Бір көзден сатып алу тәсілдері қолданылып жүргізіледі.

Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алулар Мемлекеттік сатып алу веб-порталында жүзеге асырылады. Өткізілген сатып алу қорытындысы бойынша шағымдар түскен жоқ.

Орталықта 2023 жылдың 1 тоқсанында жүргізілген мемлекеттік сатып алулар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар:

1. Бұқаралық ақпарат құралдарында Орталықтың қызметіне қатысты жарияланған сын мақалалармен, материалдарды анықтауға мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ.





4. Арыз- шағымдар, өтінішітер 15

Алдын-алу шаралары:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары жасақталған:

2. Бөлім бойынша қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын-алу мақсатында бөлім қызметкерлері арасындағы 2 жиналыс өткізілді.

Қорытынды: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдігін болдырмау мақсатында алдын – алу іс – шараларын жалғастыру.

1. Дюсенғалиева М.Н. 
2. Семиончева В.И. 
3. Мурсалимова Б.И. 
4. Демесинова М.Т. 
5. Ахметов С.А. 